

"Сайлау алдындағы барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 2909 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 7 ақпандағы № 1747 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 14 ақпанда № 8365-11 болып тіркелді

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Сайлау алдындағы барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 2909 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4895 болып тіркелген) мынандай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Барлық кандидаттарға үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы";

көрсетілген қаулының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Барлық кандидаттарға үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

А. Шаменов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қызылорда қалалық
сайлау комиссиясы

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 7 ақпандағы
№ 1747 қаулысына қосымша
Қызылорда қаласы әкімдігінің
2015 жылғы 23 ақпандағы
№ 2909 қаулысына қосымша

Барлық кандидаттарға үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

| № | Елді мекеннің атауы | Орналасқан жері |
|---|---------------------|---|
| | | Қорқыт Ата көшесі, "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда |

| | | |
|----|------------------|--|
| 1 | Қызылорда қаласы | университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының № 2 оқу ғимаратына қарама-қарсы |
| 2 | Қызылорда қаласы | Асқар Тоқмағамбетов көшесі, "Қызылорда" қонақ үйі ғимаратына қарама-қарсы |
| 3 | Қызылорда қаласы | Еркін Әуелбеков көшесі, "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының "Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі" филиалы ғимаратына қарама-қарсы |
| 4 | Қызылорда қаласы | Әлихан Бөкейхан көшесі, Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің "Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемесі ғимаратына қарама-қарсы |
| 5 | Қызылорда қаласы | Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, "Промстройсервис Е" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимаратының оң жағында |
| 6 | Қызылорда қаласы | Төле би көшесі, "Алтын Орда" құрылыс-материалдар дүкенінің сол жағында |
| 7 | Қызылорда қаласы | Қожа Ахмет Яссауи көшесі, "Келменбет батыр" ескерткішіне қарама-қарсы |
| 8 | Қызылорда қаласы | Иван Журба көшесі, "Сырдария" сауда орталығына қарама-қарсы |
| 9 | Қызылорда қаласы | Иса Токтыбаев көшесі, "Қорқыт ата" сауда орталығының сол жағында |
| 10 | Қызылорда қаласы | Сағадат Нұрмағамбетов көшесі, Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің "Әбу Құдабаев атындағы № 197 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратына қарама-қарсы |
| 11 | Қызылорда қаласы | Жетікөл көшесі, № 29 тұрғын үйдің сол жағында |
| 12 | Қызылорда қаласы | Айтмұрат Шәменов көшесі, "Нұр Ару" дүкенінің оң жағында |
| | | |

| | | |
|----|--|--|
| 13 | Қызылорда қаласы | Текей батыр көшесі, "Veranda Street" жылдам тамақтану желісінің оң жағында |
| 14 | Қызылорда қаласы | Жаппасбай батыр көшесі, № 7 тұрғын үйге қарама-қарсы |
| 15 | Қызылорда қаласы | Ғафур Мұхамеджанов көшесі, "Рухани жаңғыру" орталығының оң жағында |
| 16 | Қызылорда қаласы | "Бәйтерек" тұрғын ауданындағы № 43 көшесі, су насосына қарама-қарсы |
| 17 | Қызылорда қаласы | Есен Демесінов көшесі, № 30 тұрғын үйдің сол жағында |
| 18 | Қызылорда қаласы | Бейбітшілік көшесі, "Gas Energy" жанар-жағармай бекетіне қарама-қарсы |
| 19 | Қызылорда қаласы | Алтыбай Сағымбаев көшесі, "Мәриам ана" дүкеніне қарама-қарсы |
| 20 | Қызылорда қаласы | Сұлтан Бейбарыс көшесі, "Жалаңтөс Баһадүр" ескерткішіне қарама-қарсы |
| 21 | Қызылорда қаласы | Сұлтан Бейбарыс көшесі, "Береке" құрылыс-материалдар дүкеніне қарама-қарсы |
| 22 | Тасбөгет кенті | Шахмардан Есенов көшесі, Тасбөгет кенті әкімі аппаратының "Сәбира Майқанова атындағы мәдениет Үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы |
| 23 | Тасбөгет кенті | Мұстафа Шоқай көшесі, Орталық алаңның сол жағында |
| 24 | Белкөл кенті | Бірлік көшесі, Орталық алаңның оң жағында |
| 25 | Қызылжарма ауылдық округінің Қызылжарма ауылы | Қалмақ Сексенбаев көшесі, Орталық алаңның оң жағында |
| 26 | Қызылөзек ауылдық округінің Айнакөл ауылы | Айнакөл № 1 көшесі, Орталық алаңның оң жағында |
| 27 | Ақсуат ауылдық округінің Жақыпбек Махамбетов ауылы | Адран Найзағараев көшесі, Орталық алаңның оң жағында |
| 28 | Ақжарма ауылдық округінің Баймұрат батыр ауылы | Насреддин Тасымов көшесі, Орталық алаңның оң жағында |
| 29 | Қарауылтөбе ауылдық округінің Қарауылтөбе ауылы | Абай Құнанбаев көшесі, Орталық алаңның сол жағында |
| | | Абай Құнанбаев көшесі, Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда |

| | | |
|----|--|---|
| 30 | Талсуат ауылдық округінің Талсуат ауылы | қаласы бойынша білім бөлімінің " № 178 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратына қарама-қарсы |
| 31 | Қосшыңырау ауылдық округінің Абай ауылы | Жақыпбек Махамбетов көшесі, Орталық алаңның оң жағында |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ